

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 25 қарашадағы № 418-ө бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Сарбасовқа) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың көшірмесін мәлімет үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бір апталық мерзімде жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Г. Әбдіқалықова*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің

2011 жылғы 25 қарашадағы

№ 418-ө бұйрығына қосымша

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімі

1. «Еңбек кітапшаларын жүргізу және сақтау ережелерін және нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 149-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4838 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы», 2007 жылғы, мамыр-шілде, жарияланған).

2. «Жасы он сегізге толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, жасы он сегізге толмаған қызметкерлер тасымалдайтын және қозғайтын ауырлықтың шекті нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін

атқарушының 2007 жылғы 31 шілдедегі № 185-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4912 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы», 2007 жылғы, маусым-тамыз, жарияланған).

3. «Әйелдердің еңбегін қолдануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін және оларды жүкті қолмен көтеру және алып жүруінің шекті нормасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 31 шілдедегі № 186-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4916 болып тіркелген, «Заң газеті» газеті 2007 жылғы 2 қараша № 168 (1197) жарияланған).

4. «Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі жөніндегі үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 22 тамыздағы № 200-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4934 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы», 2007 жылғы қыркүйек-қазан, жарияланған).

5. «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды жүргізу, нұсқау беру және олардың білімін тексеру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 23 тамыздағы № 205-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4929 болып тіркелген, «Заң газеті» газеті 2007 жыл 16 қараша № 176 (1205) жарияланған).